



Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 146-VIII ҚРЗ.

2024 жылғы 23 тамызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісім (Жай операциялар) (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

ҚАРЫЗ НӨМІРІ 4405-KAZ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ мен АЗИЯ ДАМУ БАНКІ арасындағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (Жай операциялар) (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы - 1-кіші бағдарлама)

2024 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - Қарыз алушы) мен Азия Даму Банкі (бұдан әрі - АДБ) арасындағы қарыз туралы келісім (бұдан әрі - Қарыз туралы келісім)

Төмендегіні назарға ала отырып:

А. АДБ Қарыз алушыдан 2023 жылғы 1 қарашадағы даму саясаты туралы хатты (бұдан әрі - Даму саясаты туралы хат) алды, онда осы Қарыз туралы келісімге 1-қосымшада сипатталғандай Қарыз алушының қаржы секторын дамытуға бағытталған белгілі бір міндеттері мен саяси іс-қимылдары (бұдан әрі - Бағдарлама) жазылады;

В. Бағдарлама осы Қарыз туралы келісімге 1-қосымшаның 1-тармағында көрсетілгендей, бағдарламалық тәсілдің ("Бағдарламалық тәсіл") бірінші кіші бағдарламасын білдіреді және Қарыз алушы Бағдарламаның мақсаты үшін қарыз алуға АДБ-ға жүгінді;

С. Қарыз алушы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі (АИИБ) арасында жасалатын Қарыз туралы келісімге сәйкес АИИБ Бағдарламаны бірлесіп қаржыландыру мақсаты үшін Қарыз алушыға 350 000 000 (үш жүз елу миллион) АҚШ долларына балама сомада қарыз бөледі деп күтілуде; және

Д. АДБ осы Қарыз туралы келісімде жазылған шарттар мен ережелерде Қарыз алушыға АДБ-ның жай капиталы ресурстарынан қарыз беруге келісімін білдірді;

Осы Келісімнің жоғарыда жазылғандарын ескере отырып, осы Қарыз туралы келісімнің тараптары төмендегілер туралы келісті:

I БАП

Қарыз беру қағидалары; Анықтамалар

1.01-бөлім. 2022 жылғы 1 қаңтардағы АДБ-нің Жай операциялар үшін Қарыз беру қағидаларының (бұдан әрі - Қарыз беру қағидалары) барлық ережелері осы арқылы аталған Қарыз туралы келісімге олар осы Қарыз туралы келісімнің мәтінінде толығымен жазылғандай күшпен және қолданыспен, алайда төмендегі өзгерістерді сақтай отырып, қолданылады деп есептеледі:

(a) 2.01 (qq) бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

АДБ, Қарыз туралы келісімде сипатталғандай, Қарыз беруге келіскен бағдарлама бағдарламаны білдіреді және оның сипаттамасы АДБ мен Қарыз алушының арасындағы келісу бойынша мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін;

(b) "Жоба" деген термин Қарыз беру қағидаларында аталатын барлық жерде "Бағдарлама" деген терминмен ауыстырылуға тиіс;

(c) 2.01 (ss) бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

Бағдарлама бойынша атқарушы агенттік, осы Қарыз туралы келісімде көзделгендей, Бағдарламаны орындауға жауапты ұйымды немесе ұйымдарды білдіреді;

(d) "Жоба бойынша атқарушы агенттік" деген термин Қарыз беру қағидаларында аталатын барлық жерде "Бағдарлама бойынша атқарушы агенттік" деген терминмен ауыстырылуға тиіс;

(e) 6.01(b)-бөлім алып тасталды.

1.02-бөлім. Қарыз беру қағидаларында анықтама берілген мына терминдер, егер оларға осы құжатта көрсетілген өзгерістер енгізілмесе немесе мәнмәтін бойынша өзгеше талап етілмесе, осы Қарыз туралы келісімде қолданылған әрбір жағдайда оларда жазылған тиісті мағынаға ие болады. Осы Қарыз туралы келісімде пайдаланылатын қосымша терминдер төмендегідей мағынаға ие:

(a) ҚМА Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігін білдіреді;

(b) ҚНРДА Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін білдіреді;

(c) Бағдарлама шеңберінде Қарыз қаражатынан алынатын және осы Қарыз туралы келісімге 4-қосымшаның 4-тармағында көрсетілген жергілікті валютадағы ақшалай қаражат әріптестік қаржыландыруды білдіреді;

(d) осы Қарыз туралы келісімге 3-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген шот депозиттік шотты білдіреді;

(е) 2022 жылғы, кезең-кезеңмен енгізілген түзетулерімен қоса АДБ-ның қарыз қаражатын игеру жөніндегі анықтамалық Қарыз қаражатын игеру жөніндегі анықтамалықты білдіреді;

(f) Қарыз алушының Қаржы министрлігі немесе оның кез келген құқықтық мирасқоры Қаржыминін білдіреді;

(g) ҰЭМ Қарыз алушының Ұлттық экономика министрлігін білдіреді;

(h) ҚР ҰБ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін білдіреді;

(i) СЭМТ саясатты әзірлеу және мониторингтеу тетігін, сол сияқты саясат матрицасын да біріктіретін және Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілген саяси іс-қимылды қамтитын саясатты әзірлеу және мониторингтеу тетігін білдіреді;

(j) СЭМТ-де көрсетілгендей, Бағдарлама шеңберінде Қарыз алушы орындаған немесе орындау үшін жоспарлаған, Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілген саяси іс-қимылдар Саяси іс-қимылдарды білдіреді; және

(k) Қарыз беру қағидаларының мақсаты үшін және мәніне сәйкес Бағдарламаны іске асыруға жауапты Қаржы министрлігі немесе оның АДБ-ға қолайлы кез келген құқықтық мирасқоры Бағдарлама бойынша атқарушы агенттікті білдіреді; және

(l) ҚМА, ҚНРДА, ҰЭМ және ҚР ҰБ немесе олардың АДБ-ға қолайлы кез келген құқықтық мирасқоры Бағдарлама бойынша іске асырушы агенттіктерді білдіреді.

II БАП

Қарыз

2.01-бөлім. (a) АДБ Қарыз алушыға АДБ-ның жай капиталы ресурстарынан елу екі миллиард үш жүз отыз бес миллион екі жүз жетпіс төрт мың жеті жүз жетпіс екі йен (52 335 274 722 JPY) сомасына қарыз қаражатын беруге келіседі, оның үстіне бұл сома осы Қарыз туралы келісімнің 2.06-бөлімінің ережелеріне сәйкес валюта конвертациялау шеңберінде кезең-кезеңімен конвертацияланып отыруы мүмкін.

(b) Қарыз 12 (он екі) жыл негізгі өтеу кезеңін және осы бөлімнің (c) тармағында айқындалған жеңілдікті кезеңді болжайды.

(c) Осы бөлімнің (b) тармағында пайдаланылатын "жеңілдікті кезең" деген термин осы Қарыз туралы келісімге 2-қосымшада жазылған өтеу кестесіне сәйкес негізгі борышты өтеудің бірінші күнінің алдындағы кезеңді білдіреді.

2.02-бөлім. Қарыз алушы АДБ-ға Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасына әрбір пайыздық кезеңнің мөлшерлемесі бойынша кезең-кезеңімен:

(a) TONA; және

(b) Қарыз беру қағидаларының 3.03-бөліміне сәйкес 0,10% шегергенде Қарыз беру қағидаларының 3.02-бөліміне сәйкес 0,60% сомасына тең пайыздар төлейтін болады.

2.03-бөлім. Қарыз алушы резервке қойғаны үшін жылдық 0,15% мөлшерінде комиссия төлейді. Бұл комиссия осы Қарыз туралы келісімге қол қойылған күннен

кейін 60 (алпыс) күн өткен соң Қарыздың толық сомасына (кезең-кезеңімен алынған сомаларды алып тастағанда) есепке жатқызылатын болады.

2.04-бөлім. Қарыздар бойынша пайыздар мен өзге де төлемдер жарты жылда бір рет, әрбір жылдың 1 маусымы мен 1 желтоқсанында төленуге тиіс.

2.05-бөлім. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімге 2-қосымшаның ережелеріне сәйкес қарыз шотынан алынған Қарыздың негізгі сомасын төлейді.

2.06-бөлім. (а) Қарыз алушы борышты ұтымды басқаруды қамтамасыз ету мақсатында кез келген уақытта Қарыз шарттарының төмендегідей кез келген конвертацияларын:

(i) Қарыздың бүкіл негізгі сомасының немесе оның алынған және өтелмеген, сол сияқты алынбаған кез келген бөлігінің валютасын бекітілген валютаға өзгертуді;

(ii) Қарыздың бүкіл негізгі сомасына, сол сияқты оның алынған және өтелмеген кез келген бөлігіне қолданылатын базалық пайыздық мөлшерлемені құбылмалы пайыздық мөлшерлемеден тіркелген мөлшерлемеге немесе керісінше өзгертуді; және

(iii) Қарыздың бүкіл негізгі сомасына, сол сияқты оның алынған және өтелмеген кез келген бөлігіне қолданылатын құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге көрсетілген құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің ең жоғары не ең төмен шамасын белгілеу арқылы лимиттерді белгілеуді сұратуға құқылы.

(b) Осы бөлімнің (а) тармағына сәйкес сұрау салынған, АДБ мақұлдаған кез келген конвертациялау Қарыз беру қағидаларының 2.01 (е)-бөлімінің анықтамасы бойынша конвертациялау болып есептеледі және Қарыз беру қағидаларының V бабының және Конвертациялау жөніндегі нұсқаудың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

III БАП

Қарыздардың қаражатын пайдалану

3.01-бөлім. Қарыз алушы Қарыз қаражатын осы Қарыз туралы келісімнің ережелеріне сәйкес Бағдарлама бойынша шығындарды қаржыландыруға пайдалануды қамтамасыз етеді.

3.02-бөлім. Қарыз қаражаты осы Қарыз туралы келісімге 3-қосымшаның ережелеріне сәйкес алынады, оған Қарыз алушы мен АДБ арасындағы келісу бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3.03-бөлім. Қарыз беру қағидаларының 9.02-бөлімінің мақсаттары үшін қарыз шотынан қаражатты алу үшін 2024 жылғы 31 желтоқсан не Қарыз алушы мен АДБ-ның арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін басқа күн жабу күні болып есептеледі.

IV БАП

Ерекше жағдайлар

4.01-бөлім. Бағдарламаны іске асыру процесінде Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімге 4-қосымшада жазылған барлық міндеттемені орындайды не орындайтын болады.

4.02-бөлім. Қарыз алушы Қарыз беру қағидаларының 7.01 және 7.04-бөлімдерінде көрсетілген есептілік пен ақпаратты беру шеңберінде АДБ тарапынан негізді түрде сұрау салынған: (а) әріптестік қаржыландыру мен оны пайдалануға; және (b) мақсаттарға қол жеткізілуін және саяси іс-қимылдың орындалуын қоса алғанда, Бағдарламаны іске асыруға қатысты барлық есептілік пен ақпаратты АДБ-ға береді не олардың берілуін қамтамасыз етеді.

V БАП

Күшіне енуі

5.01-бөлім. Осы Қарыз туралы келісімге қол қойылған күннен соң 90 (тоқсан) күн өткеннен кейінгі күн Қарыз беру қағидаларының 10.04-бөлімінің мақсаты үшін Қарыз туралы келісімнің күшіне енген күні болып есептеледі.

VI БАП

Өзге ережелер

6.1 1-бөлім. Қарыз алушының Қаржы министрі Қарыз беру қағидаларының 12.02-бөлімінің мақсаты үшін Қарыз алушының өкілі ретінде әрекет етеді.

6.2 2-бөлім. Төмендегі деректемелер Қарыз беру қағидаларының 12.01-бөлімінің мақсаты үшін көрсетілген:

Қарыз алушы үшін

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы

Астана, 010000

Мәңгілік ел даңғылы, 8

Факс: +7-7172-75-03-52

АДБ үшін

Азия Даму Банкі

АБР авеню, 6

Мандалуйонк қаласы

1550 Манила Метросы

Филиппин

Факс нөмірі: (63-2) 8636-2444

Жоғарыда жазылғандарды растау үшін осы Келісімнің Тараптары атынан олардың уәкілетті өкілдері осы Қарыз туралы келісімге жоғарыда көрсетілген күні және жылы тиісті қолтаңбалар қоюды және оны АДБ-ның штаб-пәтеріне жеткізуді қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қолтаңба _____

(Т.А.Ә. және лауазымы)

АЗИЯ ДАМУ БАНКИ

Қолтаңба _____

(Т.А.Ә. және лауазымы)

1-ҚОСЫМША

Бағдарлама сипаттамасы

1. Бағдарламаның негізгі міндеті - сыртқы сілкіністерге макроэкономикалық және қаржылық осалдылықты төмендету. Бағдарламалық тәсіл екі кіші бағдарламаны қамтиды және Бағдарлама бірінші кіші бағдарлама болып табылады. Бағдарлама: (а) фискалдық орнықтылықты арттыруды, ұйымдастыруды, ашықтықты және басқару қағидаттарын жақсартуды; және (b) банк секторы мен капитал нарықтарын дамытуды қолдауды қамтиды. Бағдарламаның неғұрлым толық сипаттамасы Даму саясаты туралы хатта және СӘМТ-де неғұрлым толық ұсынылған.

2. Бағдарлама 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша аяқталған деп есептеледі.

2-ҚОСЫМША

Өтеу графигі

1. Төмендегі кестеде Қарыз бойынша негізгі борышты өтеу күндері және негізгі борышты өтеудің әрбір күні төленуге тиіс Қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызы (кезекті жарна) көрсетілген. Егер Қарыз қаражаты негізгі борыш өтелетін бірінші күнде толық көлемде игерілетін болса, Қарыз алушының негізгі борыш өтелетін әрбір күнінде төлеуге жататын Қарыздың негізгі сомасын АДБ: (а) негізгі борыш өтелетін бірінші күнде алынған және өтелмеген Қарыздың жалпы негізгі сомасын; (b) негізгі борыш өтелетін әрбір күн үшін кезекті жарнаға көбейту арқылы айқындайтын болады, бұл ретте мұндай өтеу сомасы валютаны конвертациялау қолданылатын, осы қосымшаның 4-тармағында көрсетілген кез келген сомаларды шегеру ескеріле отырып, қажет болған кезде түзетілетін болады.

Төлем күні	Кезекті жарна (%-бен көрсетілген)
2027 жылғы 1 маусым	5
2027 жылғы 1 желтоқсан	5
2028 жылғы 1 маусым	5
2028 жылғы 1 желтоқсан	5
2029 жылғы 1 маусым	5
2029 жылғы 1 желтоқсан	5

2030 жылғы 1 маусым	5
2030 жылғы 1 желтоқсан	5
2031 жылғы 1 маусым	5
2031 жылғы 1 желтоқсан	5
2032 жылғы 1 маусым	5
2032 жылғы 1 желтоқсан	5
2033 жылғы 1 маусым	5
2033 жылғы 1 желтоқсан	5
2034 жылғы 1 маусым	5
2034 жылғы 1 желтоқсан	3
2035 жылғы 1 маусым	3
2035 жылғы 1 желтоқсан	3
2036 жылғы 1 маусым	3
2036 жылғы 1 желтоқсан	3
2037 жылғы 1 маусым	3
2037 жылғы 1 желтоқсан	3
2038 жылғы 1 маусым	2
2038 жылғы 1 желтоқсан	2
Барлығы	100

2. Егер Қарыз қаражаты негізгі борыш өтелетін бірінші күнге дейін толық көлемде игерілмесе, онда Қарыз алушы негізгі борыш өтелетін әрбір күні төлеуге жататын тиісінше жағдайда, Қарыздың негізгі сомасы мынадай түрде айқындалатын болады:

(а) негізгі борыш өтелетін бірінші күні игерілуге тиісті, тиісінше жағдайда, Қарыздың кез-келген қаражатын Қарыз алушы осы қосымшаның 1-тармағына сәйкес осындай күні алынған және өтелмеген соманы төлеуге тиіс болады; және

(б) негізгі борыш өтелетін бірінші күннен кейін жүргізілген кез келген қаражат алу осы қаражат алу күнінен кейін келетін негізгі борыш өтелетін әрбір күні АДБ әрбір қаражат алу сомасын бөлшекке көбейту арқылы айқындаған сомада өтелуге жатады, алымы негізгі борыш өтелетін (бастапқы кезекті жарна) жоғарыда аталған күн үшін осы қосымшаның 1-тармағындағы кестеде көрсетілген бастапқы кезекті жарна болып табылады, ал бөлімі осы күнге немесе одан кейін келетін негізгі борыш өтелетін күндер үшін барлық қалған бастапқы кезекті жарналар сомасы болып табылады, бұл ретте осы төлемдердің сомалары қажет болған кезде валюта конвертациялау қолданылатын осы қосымшаның 4-тармағында көрсетілген кез келген сомаларды шегеру үшін түзетілетін болады.

3. Негізгі борыш өтелетін кез келген күні төлеуге жататын негізгі сомаларды есептеу мақсатында ғана негізгі борыш өтелетін кез келген күнге дейін күнтізбелік 2 ай ішінде алынған қаражатты, қаражат алынған күннен кейін негізгі борыш өтелетін

екінші күнде алынған және өтелмеген деп есептеу керек және бұл сома қаражат алынған күннен кейін негізгі борыш өтелетін екінші күннен бастап негізгі борыш өтелетін әрбір күнде өтелуге жатады.

4. Осы қосымшаның 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Қарыздың барлық негізгі алынған сомаларының немесе оның кез келген бөлігінің валютасын бекітілген валютаға конвертациялау кезінде конвертациялау кезеңі ішінде негізгі борыш өтелетін кез келген күнде өтелуге жататын жоғарыда аталған бекітілген валютаға конвертацияланған қаражат сомасын АДБ тікелей жоғарыда аталған конвертациялау алдында оны деноминациялау валютасындағы осындай соманы не (а) жоғарыда аталған конвертациялауға жататын, валюталық хеджирлеуді транзакциялау шеңберінде АДБ-ға төленуге жататын соманы көрсетілген бекітілген валютада көрсететін валюта айырбастау бағамына; не (b) конвертациялау жөніндегі нұсқауға сәйкес АДБ-ның шешімі бойынша белгіленген мөлшерlemeдегі валюта конвертациялау бағамының құрамдауышына көбейту арқылы айқындайтын болады.

5. Егер Қарыздың алынған және өтелмеген негізгі сомасы Қарыздың бірден артық валютасында кезең-кезеңімен номинацияланатын болса, осы қосымшаның ережелері әрбір осындай сомалар үшін жекелеген өтеу графигін әзірлеу мақсатында Қарыздың әрбір валютасында номинацияланған сомаларға жеке-жеке қолданылуға тиіс.

3-ҚОСЫМША

Қарыз қаражатын алу

1. Осы қосымшада көрсетілгенді қоспағанда немесе егер АДБ өзгеше келіспесе, қарыз қаражаты Қарыз қаражатын игеру жөніндегі АДБ нұсқауына сәйкес игерілетін болады.

2. (a) АДБ-ға қарыз шотынан қаражат алуға арналған бірінші өтінімді бергенге дейін Қарыз алушы ҚР ҰБ-де қарыз шотынан алынған барлық қаражат сақталатын шот (депозиттік шот) тағайындайды. Депозиттік шот Қарыз алушының қолданып жүрген ережелері мен рәсімдеріне сәйкес құрылады, басқарылады және жабылады.

(b) Депозиттік шот бойынша жеке есептілік пен құжаттама АДБ үшін қолайлы қаржылық есептілік қағидаттарына сәйкес жүргізіледі. АДБ сұрау салуын алған кезде Қарыз алушы халықаралық аудит стандарттарына немесе АДБ үшін қолайлы олардың ұлттық баламасына сәйкес біліктілігі, тәжірибесі мен өкілеттік шеңбері АДБ үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлардың депозиттік шоттың қаржылық есептілігінің аудиторлық тексеруін ұйымдастырады. Аудиторлық тексеруден өткен осындай қаржылық есептердің куәландырылған көшірмелері және осы қаржылық есептер бойынша аудиторлардың қорытындылары дайындалғаннан кейін бірден, бірақ кез келген жағдайда АДБ сұрау салған күннен кейін 6 айдан кешіктірмей, ағылшын тілінде АДБ-ға ұсынылуға тиіс.

3. Қарыздардың ешбір қаражаты осы қосымшаға толықтыруда көрсетілген атауларды қаржыландыру үшін алынбауға тиіс.

4. Осы Қарыз туралы келісімнің ережелеріне қарамастан және АДБ-мен өзге де ықтимал келісімдерді қоспағанда, қарыз шотынан (а) Қарыз алушы Қарыз қаражатын шығару үшін қажетті саяси іс-қимылды сақтаған; және (b) бұл саяси іс-қимылдың қолданылуы жалғасатын жағдайда ғана қарыз алу жүргізіледі.

3-қосымшаға толықтыру

Ерекшеліктер тізімі

Төмендегілерге қатысты қарыз қаражатын алу жүргізілмейтін болады:

(i) БҰҰ-ның Халықаралық стандартты сауда сыныптамасының мына топтарына немесе кіші топтарына, 3-басылым (кесте) немесе АДБ-ның Қарыз алушыға хабарламасында көрсетілетіндей, БҰҰ-ның Халықаралық стандартты сауда сыныптамасындағы одан әрі енгізілетін өзгерістерінде көзделген қандай да бір топқа не кіші топқа енгізілген тауарларға байланысты шығыстар:

Кесте: Құқыққа сыйымсыз баптар

Тарау	Тақырыбы	Баптар сипаттамасы
112		Алкогольдік ішімдіктер
121		Өңделмеген темекі; темекі өндірісінің қалдықтары
122		Өңделген темекі (темекі алмастырғыштарды қамтитын немесе қамтымайтын)
525		Радиоактивті және онымен байланысты материалдар
667		Меруерт, өңделмеген және өңделген бағалы және жартылай бағалы тастар
718	718.7	Ядролық реакторлар және олардың жинақтауыштары; ядролық реакторлар үшін радиация шығармайтын отын элементтері (картридждер)
728	728.43	Темекі дайындауға немесе өңдеуге арналған жабдық
897	897.3	Алтын, күміс немесе платина тобының металдарынан жасалған зергерлік бұйымдар (қол сағаттар мен қол сағаттарға арналған корпустарды қоспағанда) және алтын немесе күміс бұйымдар (асыл тастарды қоса алғанда)
971		Ақшалай емес алтын (алтын кеніші мен концентраттарды қоспағанда)

Дереккөз: БҰҰ Халықаралық стандартты сауда сыныптамасы, 3-басылым

(ii) АДБ-ның кез келген қарыздары немесе гранттары шеңберінде қаржыландырылатын кез келген келісімшарттарды қоса алғанда, кез келген ұлттық немесе халықаралық қаржы ұйымы немесе агенттік тарапынан қаржыландыру жүргізілген немесе ол келісілген келісімшарттар негізінде берілген тауарларға байланысты шығыстар;

(iii) әскери немесе жартылай әскери мақсаттағы тауарларға немесе сән-салтанат бұйымдарына байланысты шығыстар;

(iv) есірткіге арналған шығыстар;

(v) өндіру, пайдалану немесе импорты Қарыз алушының заңнамасына немесе Қарыз алушы қосылған халықаралық келісімдерге сәйкес тыйым салынған экологиялық қауіпті тауарларға арналған шығыстар; және

(vi) Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII Тарауына сәйкес қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес Қарыз алушы тыйым салған төлемдерге байланысты шығыстар.

4-ҚОСЫМША

Бағдарламаны іске асыру және басқа да мәселелер

Іске асыру тетіктері

1. Қаржымині Бағдарлама бойынша атқарушы агенттік ретінде Бағдарламаның жалпы іске асырылуына жауапты болады. Бағдарлама бойынша іске асырушы агенттіктер Бағдарламаның тиісті бағыттарын күнделікті іске асыруға жауапты болады.

Саяси іс-қимыл және диалог

2. Қарыз алушы Бағдарлама шеңберінде қабылданған барлық саяси іс-қимылды Бағдарламалық тәсілдің бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болуын қамтамасыз етеді.

3. Қарыз алушы АДБ-ға Бағдарламаны іске асыру үшін салдары болуы мүмкін көмек көрсету жөніндегі басқа көпжақты және екіжақты агенттіктермен саяси іс-қимылды талқылау барысы туралы хабарлайды және АДБ-ға саясат бойынша олардан туындайтын барлық ұсынысқа түсініктеме беруге мүмкіндік береді. Қарыз алушы кез келген осындай ұсыныс түпкілікті бекітілгенге және іске асырылғанға дейін АДБ-ның пікірін назарға алады.

Әріптестік қаржыландыруды пайдалану

4. Қарыз алушы Бағдарлама мақсаттарына сәйкес келетін белгілі бір бағдарламалар мен іс-шаралардың іске асырылуын қаржыландыру үшін әріптестік қаржыландыруды пайдалануды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және басшылыққа алынатын әдістер

5. Қарыз алушы, Бағдарлама бойынша атқарушы агенттік және Бағдарлама бойынша іске асырушы агенттіктер: (а) АДБ-ның тиісті күнге өзгерістерімен 1998

жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын сақтауды қамтамасыз етеді және АДБ тікелей немесе өзінің агенттері арқылы Бағдарламаға қатысы бар сыбайлас жемқорлық, алаяқтық әрекеттер, сөз байласу немесе сөз байласуға мәжбүрлеудің кез келген болжамды жағдайларына тергеп-тексеру жүргізу құқығын өзінде қалдыратынын; және (b) кез келген осындай тергеп-тексеру шеңберінде ынтымақтастықты таниды және осындай тергеп-тексерудің қанағаттанарлықтай аяқталуы үшін барлық қажетті көмекті көрсетеді.

Мониторинг және есептілік

6. Қарыз алушы Бағдарлама бойынша атқарушы агенттік және Бағдарлама бойынша іске асырушы агенттіктер арқылы АДБ-ға Бағдарламаның мақсаттары мен іске асырылуына әсер етуі мүмкін, тиісті агенттіктердің жүргізуіндегі барлық байланысты зерттеулерді, қаулыларды, бұйрықтарды, қағидалар мен нормаларды талдауға және оларға түсініктеме беруге мүмкіндік береді.

Осымен 2024 жылғы 23 тамызында Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімнің (Жай операциялар) (Фискалдық басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы - 1-кіші бағдарлама) осы аудармасы ағылшын тілдегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Құжат айналымы
департаментінің Құжаттарды редакциялау
және лингвистикалық сараптау
басқармасы басшысы*

Н. Шахарбаева